

№ исх: 33-4-05/1420 от: 15.03.2017

**«ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй  
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352  
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

**15.03.2017ж. №33-4-05/1420**



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21  
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352  
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

**Қазақстан Республикасы  
Парламенті  
Мәжілісіндепутаттары**

**Ш. Хахазовқа  
А. Жамаловқа  
К. Жабағиевқа  
Г. Қарағұсоваға  
С.Құсайыновқа  
А. Сусловқа  
Е. Никитинскаяға  
И. Смирноваға  
С. Симоновқа  
П.Шарапаевқа  
Т.Яковлеваға**

*24.02.2017ж. №ДЗ-59 хатқа*

**Құрметті депутаттар!**

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттарына қор нарығының проблемаларына назар аударғаны үшін алғыс білдіреді. Бағалы қағаздарды ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету және Қазақстанның қор нарығының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін инфрақұрылымдық ұйымдардың қызметін жетілдіру бойынша Сіздер көтеріп отырған мәселелерді өзекті және уақтылы деп есептейміз.

«Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі» АҚ (бұдан әрі - БҚБТ) республиканың аумағында эмитенттердің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерініңжүйесін жүргізуді және бағалы қағаздарға меншік құқығын растауды жүзеге асыратын жалғыз ұйым болып табылады.

«Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес БҚБТ өз қызметінде бағалы қағаздар нарығы туралы заңнаманың

нормаларын ғана емес, сондай-ақ Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерін де басшылыққа алады.

Ұлттық Банкдепутаттық сауалға себеп болған «Алматы заң корпорациясы» заң компаниясының, «Group БҚК» АҚ өкілі адвокат В.И. Вороновтың және «Біріккен Құрылыс Корпорациясы» АҚ-тың (бұдан әрі – «БҚК» АҚ) өтініштерін толық зерделеді.

«Group БҚК» АҚ мен «БҚК» АҚ арасындағы дау сотта іс қарау мәні болған. Өз кезегінде дау тараптарының бірі, атап айтқанда, «БҚК» АҚ ұзақ уақыт ішінде оңалту процесінде болған. Жоғарғы сот алқасының шешіміне сәйкес оңалту рәсімі кезеңінде «БҚК» АҚ мүлкі «Group БҚК» АҚ пайдасына иеліктен шығаруға тиіс болған.

Сонымен бірге Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексіне сәйкес заңды тұлғаларды оңалту туралы істер сотта «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып қаралады.

Сот Заңға сәйкес оңалту рәсімін қолдану туралы шешім шығарған сәттен бастап сот қабылдаған шешімдердің орындалуы тоқтатылады және борышкердің мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

Сондықтан, БҚБТ-ның «БҚК» АҚ-ты оңалту кезеңінде сот шешімін орындауы Заңды бұзу болар еді, оған сәйкес «БҚК» АҚ мүлкі «Group БҚК» АҚ-қа берілуге тиіс болатын. «БҚК» АҚ-ты оңалту мерзімі өткеннен кейін БҚБТ сот шешімін дереу орындаған.

Осылайша БҚБТ қалыптасқан жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасы шеңберінде іс-әрекет жасаған және сот дауы тараптарынан тәуелсіз болған.

Біздің ойымызша, мұндай құқықтық жағдайда бағалы қағаздарға меншік құқығын тіркеу мәселелері көбінесе оңалту және банкроттық туралы заңнаманы құқық қолдану тәжірибесінде қаралады. Заңды күшіне енген сот шешімдерін дереу орындауды талап ететін азаматтық процестік заңнама нормаларының және оңалту немесе банкроттық процесіндегі тұлғаның мүлкіне қатысты қабылданған сот шешімдерін орындау белгісіз мерзімге тоқтатылатын оңалту және банкроттық туралы заңнама нормаларының қайшылығы бар.

Өз кезегінде, Заңда оңалту кезінде қабылданған сот шешімдерін орындау тәртібі және мерзімдері, сондай-ақ бұрын басқа сот органының шешімімен тыйым салынған мүлікті иеліктен шығару бойынша соттың қабылданған шешімдерін орындау рәсімдері жоқ.

Ұлттық Банк заңнама нормаларының жоғарыда айтылған қайшылықтарын жою мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің атына Қазақстан Республикасының заң актілеріне атқарушылық іс жүргізу және оңалту мен банкроттық туралы мәселелер бойынша тиісті өзгерістер енгізу қажеттілігі туралы хат жіберді.

**Ұлттық Банк тарапынан БҚБТ қызметіне шұғыл бақылау және құқық қолдану тәжірибесіндегі проблемаларды анықтауға қатысты мыналарды хабарлаймыз.**

Ұлттық Банк бағалы қағаздар нарығындағы кәсіби қызметтің бірегей түрлерін жүзеге асыратын инфрақұрылымдық ұйымдардың негізгі акционері болып табылады.

БҚБТ әдеттегі қаржы-шаруашылық қызметті қоспағанда, қызметінің барлық аспектілері тұрақты шұғыл мониторингтеуден өтеді және Қазақстан Республикасының заңдарымен және Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі. Атап айтқанда, БҚБТ ұйымдық құрылымына және оның басшы қызметкерлеріне, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіне, бағдарламалық-техникалық кешенге қойылатын, сондай-ақ бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыру тәртібіне қойылатын талаптар белгіленген.

Ұлттық Банктің еншілес ұйымдарында тәуекелдерді басқару жүйесі басқару шешімдерін қабылдау және орындау рәсімдеріне, тәуекелдерді талдауға және бағалауға, ұйымдардың қызметіндегі мүдделердің әлеуетті қайшылығын уақтылы анықтауға және жою бойынша шаралар қабылдауға қойылатын талаптарды айқындайтын Ұлттық Банктің өзінің ішкі құжаттарымен реттеледі.

Ұлттық Банк қаржы нарығында инфрақұрылымдық ұйымдар болып табылатын өзінің еншілес ұйымдарының қызметіне жүргізіп жатқан кешенді және жан-жақты талдауында олардың бүкіл қаржы жүйесінің үздіксіз қызметін қамтамасыз ету қабілетін бағалау көзделеді және оған есептілікке талдау жасау, инспекциялық тексерулер, техникалық және қаржы аудитін жүргізу, стресс-тестілерді жүзеге асыру кіреді.

Ұлттық Банк нормативтік құқықтық базаның құқықтық мониторингін тұрақты түрде жүргізеді, жұртшылық және қаржы секторының өкілдерімен заңнамадағы ағымдағы проблемаларды талқылайды, азаматтардың және заңды тұлғалардың барлық өтініштері мен арыздарына жедел түрде ден қояды.

Мемлекет басшысының елдің қаржы секторын қайта жаңғырту қажеттілігі туралы тапсырмаларының аясында, Ұлттық Банк қазіргі уақытта қоғамдық бірлестіктердің алаңдарында қаржы секторының өкілдерімен талқыланып жатқан қаржы нарығының инфрақұрылымын жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындады.

Қазақстан Республикасының Парламентінде тиісті заң жобасын қарау кезінде Сіздер қолдау көрсетеді деп сенеміз.

**Құрметпен,  
Төраға**

**Д. Ақышев**

№ исх: 33-4-05/1420 от: 15.03.2017

**«КАЗАКСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй  
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352  
телекс: 251130 BНК KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

**15.03.2017ж. №33-4-05/1420**



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ  
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ**

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

050040, г. Алматы, Көктем-3, дом 21  
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352  
телекс: 251130 BНК KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

**Депутатам  
Мажилиса Парламента  
Республики Казахстан**

**Ш. Хахазову  
А. Жамалову  
К. Жабагиеву  
Г. Карагусовой  
С.Кусаинову  
А. Суслову  
Е. Никитинской  
И. Смирновой  
С. Симонову  
П.Шарапаеву  
Т.Яковлевой**

*На №ДЗ-59 от 24.02.2017г.*

**Уважаемые депутаты!**

Национальный Банк Республики Казахстан благодарит депутатов Мажилиса Парламента Республики Казахстан за внимание к проблемам фондового рынка. Поднимаемые Вами вопросы по обеспечению прав держателей ценных бумаг и совершенствованию деятельности инфраструктурных организаций, обеспечивающих функционирование фондового рынка Казахстана, считаем актуальными и своевременными.

АО «Единый регистратор ценных бумаг» (далее - ЕРЦБ) является единственной на территории республики организацией, осуществляющей ведение системы реестров держателей ценных бумаг эмитентов и подтверждение прав собственности на ценные бумаги.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг» в своей деятельности ЕРЦБ руководствуется не только нормами законодательства о рынке ценных бумаг, но и другими законодательными актами Республики Казахстан.

Национальным Банком были детально изучены обращения юридической компании «Алматинская юридическая корпорация», представителя АО «ОСК Group» адвоката Воронова В.И. и АО «Объединенная строительная корпорация» (далее – АО «ОСК»), послужившие поводом для депутатского запроса.

Спор между АО «ОСК Group» и АО «ОСК» являлся предметом судебного разбирательства. В свою очередь, одна из сторон спора, а именно АО «ОСК», в течение длительного времени находилась в процессе реабилитации. В период процедуры реабилитации в соответствии с решением Коллегии Верховного суда имущество АО «ОСК» должно было быть отчуждено в пользу АО «ОСК Group».

Вместе с тем, согласно Гражданскому процессуальному кодексу Республики Казахстан дела о реабилитации юридических лиц рассматриваются судом с учетом особенностей, установленных Законом Республики Казахстан «О реабилитации и банкротстве» (далее - Закон).

С момента вынесения судом решения о применении реабилитационной процедуры в соответствии с Законом приостанавливается исполнение принятых решений судов и не допускается обращение взыскания на имущество должника.

Следовательно, исполнение ЕРЦБ судебного решения в период реабилитации АО «ОСК», согласно которому имущество АО «ОСК» должно было быть передано АО «ОСК Group», являлось бы нарушением Закона. После истечения срока реабилитации АО «ОСК» ЕРЦБ незамедлительно исполнил решение суда.

Таким образом, в сложившейся ситуации ЕРЦБ действовал в рамках законодательства Республики Казахстан и был независим от сторон судебного спора.

На наш взгляд, вопросы регистрации прав собственности на ценные бумаги в данной правовой ситуации лежат больше в плоскости правоприменительной практики законодательства о реабилитации и банкротстве. Существует коллизия норм гражданского процессуального законодательства, требующих незамедлительного исполнения вступивших в законную силу решений судов, и норм законодательства о реабилитации и банкротстве, согласно которым исполнение принятых решений судов в отношении имущества лица, находящегося в процессе реабилитации или банкротства, приостанавливается на неопределенный срок.

В свою очередь, Закон не содержит порядка и сроки исполнения решений судов, принятых в период реабилитации, а также процедур исполнения принятых судами решений по отчуждению имущества, на которое ранее решением другого судебного органа был наложен арест.

С целью устранения вышеуказанной коллизии норм законодательства Национальный Банк направил письма в адрес Министерства финансов Республики Казахстан, Верховного Суда Республики Казахстан и Министерства юстиции Республики Казахстан о необходимости внесения

соответствующих изменений в законодательные акты Республики Казахстан по вопросам исполнительного производства и о реабилитации и банкротстве.

***Касательно оперативного контроля за деятельностью ЕРЦБ со стороны Национального Банка и выявлению проблем в правоприменительной практике*** сообщаем следующее.

Национальный Банк является основным акционером инфраструктурных организаций, осуществляющих уникальные виды профессиональной деятельности на рынке ценных бумаг.

Все аспекты деятельности ЕРЦБ, за исключением обычной финансово-хозяйственной деятельности, подлежат постоянному оперативному мониторингу и регулируются законами Республики Казахстан и нормативными правовыми актами Национального Банка. В частности, установлены требования к организационной структуре ЕРЦБ и его руководящим работникам, системе управления рисками и внутреннего контроля, программно-техническому комплексу, а также к порядку осуществления профессиональной деятельности на рынке ценных бумаг.

Система управления рисками в дочерних организациях Национального Банка также регулируется внутренними документами самого Национального Банка, определяющими требования к процедурам принятия и исполнения управленческих решений, анализу и оценке рисков, своевременному выявлению и принятию мер по устранению потенциальных конфликтов интересов в деятельности организаций.

Проводимый Национальным Банком комплексный и всесторонний анализ деятельности его дочерних организаций, являющихся инфраструктурными организациями на финансовом рынке, предполагает оценку их способности обеспечить бесперебойное функционирование всей финансовой системы и включает анализ отчетности, проведение инспекционных проверок, технического и финансового аудита, осуществление стресс-тестов.

Национальный Банк регулярно проводит правовой мониторинг нормативной правовой базы, обсуждает с представителями общественности и финансового сектора текущие проблемы в законодательстве, оперативно реагирует на все обращения и заявления граждан и юридических лиц.

В рамках поручений Главы государства о необходимости перезагрузки финансового сектора страны, Национальный Банк подготовил предложения по совершенствованию инфраструктуры фондового рынка, которые в настоящее время обсуждаются с представителями финансового сектора на площадках общественных объединений.

Надеемся на Вашу поддержку при рассмотрении в Парламенте Республики Казахстан соответствующего законопроекта.

**С уважением,  
Председатель**

**Д.Акишев**

